

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 мамырдағы N 533 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 тамыздағы № 530 қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.08.2020 № 530 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 25, 323-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесінде:

7-тармақта:

екінші абзацтағы ", бірақ тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін ең төмен жалақы мөлшерінен төмен емес" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзацтағы ", бірақ тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін ең төмен жалақы мөлшерінен төмен емес" деген сөздер алынып тасталсын;

8-тармақтағы "4-7)" деген сандар "4-6)" деген сандармен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әлеуметтік аударымдарды аударуды төлеушілер әр ай үшін бөлек жүзеге асырады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек қалыптасқан кезде салық органдары төлеушіге міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімдерін салық органына ұсыну туралы хабарламаны осы Ереженің 11-тармағына сәйкес хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

Хабарламаның нысанын мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерін орындауға салықтық бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті орган белгілейді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Салық органы төлеушілерден міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімдерін алған кезде әлеуметтік төлемдер бойынша қалыптасқан берешекті кейіннен Қорға аудару үшін көрсетілген тізімдерді қоса бере отырып, төлеушілердің банктік шоттарына инкассалық өкімдер береді.

Төлеушінің банктік шотында теңгемен ақша болмаған жағдайда, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу салық органдары теңгемен берген инкассалық өкімдер негізінде төлеушінің банктік шоттарынан шетелдік валютада жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 18-1 және 18-2-тармақтармен толықтырылсын:

"18-1. Төлеушінің банктік шоты болмаған жағдайда салық органы өндіріп алуды қолма-қол ақшаға айналдырады.

Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу салық органының төлеушіден бухгалтерлік (кассалық) құжаттары бойынша көрсетілген қолма-қол ақшаны (оның ішінде шетелдік валютада) алуы танылады.

Қолма-қол ақшаны алу мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерін орындау үшін салықтық бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алу туралы актімен ресімделеді.

Бұл ретте төлеуші салық органына осы Ереженің 11-тармағына сәйкес салық органы алған қолма-қол ақша сомасының шегінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімдерін ұсынады.

18-2. Төлеушіден алынған қолма-қол ақша, оларды алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей, кейіннен Қорға аудару үшін банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсырылуға тиіс.";

25-тармақта:

төртінші абзацтағы "банктік түбіртектердің көшірмелерін" деген сөздер "әлеуметтік аударымдарды төлеу туралы төлем құжатының көшірмесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "аптасына" деген сөз "айына" деген сөзбен ауыстырылсын;

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық күн сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері тұрғысынан өткен күн ішінде келіп түскен тізілімдерді және қайтарылған қате есептелген әлеуметтік аударымдардың тізілімдерін, сондай-ақ электрондық растауды ұсынады.";

28-тармақтағы "әлеуметтік аударымдар төлеуші ретінде тіркелген жері бойынша" деген сөздер "орналасқан (тұратын) жері бойынша тіркеуін ескере отырып," деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 1-қосымшадағы "қайтаруыңызды сұраймын," деген сөздерден кейін "референс," деген сөзбен толықтырылсын;

көрсетілген Ережеге 2-қосымшадағы кесте "Төлем тапсырмасының жалпы сомасы" деген бағаннан кейін мынадай мазмұндағы бағанмен толықтырылсын:

"Референс".

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК